

**«6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлының
«Сыр өніріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау»
тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына рееси**

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ұлы Дала төсінде халқымыздың сан ғасырлардан бері қастер тұтып келе жатқан киелі орындары жетерлік. Жақында Қазақстанның киелі жерлерінің картасы жасалып, оған 100 макросакральды орын туралы мәліметтер енді. Жүздіктің ішінде Сыр бойындағы Сығанақ, Жанкент, Шірік Рабат, Жент қалашақтары, Қорқыт ата ескерткіш кешені, Оқшы ата, Төлегетай-Қылышты ата, Корасан ата кесенелері, Бегім ана мұнарасы туралы ғалымдар зерттеулерінде кіргенін айтып отті. Бұғынгі Сырдария өнірі жеріндегі ескерткіштердің зерттелу тарихы Қазақстанда патшалық Ресейдің отары болған кезден басталғандығы.

Қазіргі уақытта Сыр өніріндегі ескерткіштердің зерттелуін торт кезенге боліп карастырган: а) Отардагы елді зерттеуге бағытталған түрлі экспедициялардың XVII ғасырдың ортасынан 1895 жылға дейінгі кезеңі; б) 1895-1917 жылдары Түркістан археология әуескілары үйірмесінің қызмет еткен аралығы; в) Кенестік дәуірде 1946-1990 жылдар аралығындағы академик С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының зерттеулері; г) Егемендік алған еліміздің, 1991 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі зерттеулердің айтуға болады.

Бұл-Сыр өнірінің қазақ оркениетінің бастауы екендігін айқындаі түседі. Сыр жеріндегі көне қалалар ұлттық мәдениет пен өнердің ертеден қалыптасқанын көрсетеді. Демек, Сыр өніріндегі ежелгі қалаларды зерттеу-тарихымызды терендетіп қана қоймай, ұлттың ұлылығын көрсететін мәдени мұрамыз деп білеміз. Бұғынгі Сыр өнірі жеріндегі ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи-мәдени ескерткіштер шын мәнінде кімге болса да ғажайып әсер қалдырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің ғұлдену мен құлдырау кезеңдерін бастап өткерген, тарихтың бізге беймәлім жұмбак сырлары тұнған бұл мұралар казақ халқы ата-бабаларының өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді.

Белгілі ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаев өлкे тарихын көне дәуірлерден бастап, Сыр өнірінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жөнінде корытынды жасай келіп: «Азияда екі косөзен бар. Бірі – Месопотамиядағы Тигр мен Ефрат, екіншісі Сыр мен Әму. Мұның екеуі де бүкіл адамзат баласы мәдениетінің көне ошақтары болған» деп жазды. Сыр өнірінің мәдени құндылықтарының даму кезеңдерін, қызметі мен бағыттарын заманауи

тұрғыда зерттеудің маңыздылығы қазақ мәдениет әлемінің бөлшегі ретінде толыққанды маглұмат беретін мәдени жәдігер болып табылуында. Сыр өнірінің мәдени құндылықтарының семиотикалық талдаудағы ғылыми теориялық мәселелері мәдени антропологияда бұған дейін арнағы зерттеу нысаны болмағандықтан, оны жан-жақты кең қамтылған пәнаралық өрісте қарастыру әрекеті өзекті мәселе болып табылады.

Сондыктан қазіргі таңда Сыр өнірінің мәдени құндылықтарын семиотикалық тұрғыдан зерделеу, дүниетанымдық рухани-ақпараттық әлеуетін мазмұндық-семантикалық бағытта саралау, осы арқылы мәдени жәдігерлерді семиотикалық концептінің мазмұнын жан-жақты талдап, өзіндік көзкарас қалыптастыруына көмектесуімен өзекті.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Біздің назарымызға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста ізденуші Әбікенов Жарқынбек алдына 9 міндет қойып, оларды жан-жақты әрі тиянакты тұрде аткарып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген, олар мыналар:

Бірінші нәтижеде мәдени құндылықтардағы рәміздер жалпы семиотикалық тұрғыда адам мен әлем арасындағы қарым қатынас тұрғысынан түсіндірілсе, архетиптік сипаттағы мәдени рәміздер өз бойларына қашанда құпиялықты жасырады. Оның астарында қашанда кодтық мағыналық негізге сүйенген мәдени этикалық дәстүр сакталатыны белгілі. Құндылықтар туралы зерттеулер бойынша мәдени саладағы рәміздер адам қызметінің нысаны мен оның қажетті алғышарты болады деп тұжырым жасайды.

Екінші нәтижеде Семиотикалық талдау өнірдегі дәстүр мен жаңа шылдық, құндылықтарды түгендеу, жаппай батыстандыру үрдістерінің белсенді модернизация аймагында жүретіндігі белгілі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі рәміздік қатынастарды айқындау арқылы көзіңізде рухани мәдениеттің архиптеріне назар аударылады және осының нәтижесінде құндылықтардың ділдік негіздерін сараптап, өзіндік сиңи тұрғыдан негізделген иядеяларын ұсынады.

Үшінші нәтижеде Сыр өніріндегі мәдениеттанулық талдаудан желілік коммуникацияның айрықша кеңістіктік топологияга негізделетіні және оның коммуникациялық әрекетке қатысадағы анонимділігі көзге түседі. Бұл тенденция ұлттық ерекшеліктерге тиімді емес, сондыктан батыстандыру мен жаһанданудың қабылданатын коммуникациялық модельдерін трансформациялау қажеттілігін түсіндіріп, шынайы мағынасын ашып беруге тырысады.

Төртінші нәтижеде Сыр өніріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдары, жастардың қоғамда қалыптасқан адамгершілік, салт-дәстүр, мінез-құлық қағидаларын адамзат жасаған өмірлік құндылықтар мен талғамдарды, рухани байлықтарды бойына сіңіріп, менгеруді талап етеді, теориялық тұрғыда негіздеуде тәжірибелерге сүйенеді.

Бесінші нәтижеде Сыр өнірінің дәстүрлі қоғамдағы мәдени мұрасын окшауланған, түйік күйінде емес, бүкіл түркі өркениеті кешенінде, үздіксіз әлеуметтік мәдени даму процесінде, мәдени құндылықтар аясында зерттеліп, ділдік негізде талданған.

Алтыншы нәтижеде Сыр өнірі халқының мәдениетінің рәміз-рәсімдік түсініктері арқылы мәдени кеңістігі ерекшеліктерімен таныстырады. Себебі мәдени кеңістіктің үйымдасуы өмір салтының детерминизмі ықпалынан туындаған. Олардың терең мағынасы мәдени кеңістік қатынас ерекшелігіне байланысты қалыптаскан халықтың тұракты дүниетанымдық түсініктерін білдіреді.

Жетінші нәтижеде Сыр өнірі мәдени құндылықтар тарихын әлемдік тарихи үдеріс ауқымында қалыптастырады. Семиотикалық тұргыда, Сыр өнірі мәдени құндылықтарын оның этикалық және эстетикалық өлшемінде алсак, бұл-онір халқының игеріп қабылдаған және тіршілік ортасына айналған галамның, гарыштың бейнелі үлгісі деп қабылдауға болады.

Сегізінші нәтижеде Сыр өніріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдарын береді.

Тоғызыншы нәтижеде Туризм мен семиотиканың өзара іс-кимылдының әдіснамалық механизмін әзірлеу туристік маркетингтік жұмыста өнірдің рәміздік бейнесін салуға әсер ететін факторларды түсіндіріп, даму бағдарының үлгілерінің негізdemесін ұсынады.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен корытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері, автор жасаған тұжырымдар мен корытындылар казіргі ғылыми теорияларға, олардың әдіснамаларына және әлемдік философия ғылымының жетістіктеріне негізделген. Сондықтан олардың шынайылық дәрежесін жоғары деп бағалауға толық болады. Олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып бағалаған жөн.

Бірінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Диссертациялық ізденіс барысында алынған нәтижелердің дәлелдігі мәдени құндылықтар саласына арналған көптеген еңбектердің ішінде Ч. Моррис, Ч. Пирс, Э. Кассирер, К. Леви-Строс, О. Шпенглер және т.б. әдіснамаларын жемісті пайдалану арқылы қамтамасыз етілген.

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Сыр өнірінің мәдени құндылықтары рәмізде талаптар мен функционалдық колданыстарына Қ. Затов, К.М. Борбасова, Ж.Ж. Қуанышбаева және т.б. бертінгі авторлардың еңбектерін ұтымды пайдалану арқылы шынайы тұжырымдар жасаған.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Сыр өніріндегі мәдениеттанулық талдаудан желілік коммуникацияның айрықша кеңістіктік топологияға негізделетіні және оның коммуникациялық әрекетке қатысады анонимділігі көзге түседі.

Бұл тенденция үлттық ерекшеліктерге тиімді емес, сондыктан жаңашылдықпен кабылданатын коммуникациялық модельдерін трансформациялау қажеттілігін түсіндіруде Ә.Н.Нысанбаевтың, Т.Х.Ғабитовтың және т.б. енбектерін терең игерудің нәтижесі болып табылады.

Төртінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Сыр өнірі мәдени құндылықтарын семиотикалық талдауда қазіргі бұкараптық мәдениетке қатысты да талдай білген. Қазіргі әлемдік мәдениет көпқырлы болғандықтан мәдени құндылықтардың идеялары да түрлі бағытта болады. О. Шпенглер, Ю. Лотман, А.Ф. Лосев және т.б. авторлардың мәдени құндылықтар семиотикасында толықтыратын енбектерін ұтымды пайдалану арқылы шынайы тұжырымдар жасаған.

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Сыр өнірі мәдени құндылықтарын семиотикалық талдауда мәдени, экономикалық дамуы негізінде құрылғанын автор ғылыми сарапқа салып, жаңа парадигмада мәдени құндылықтар жүйесінде Н. Шаханова, С.Е. Нұрмұратовтың қатысы бар ойларын корытып, жаңаша сипаттағы шынайы тұжырымдар жасаған.

Алтыншы ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Сыр өніріндегі дәстүрлі мәдениетіндегі негізгі архетип көшпенде шаруашылық мәдени типті бүгінгі күні тарихтың мұрагатында қалғанымен, оның мәдени жетістіктері әлемдік өркениеттегі өзінің маңызын жоғалтпайды. Е.Д.Тұрсынов, Ермаганбетова К.С. Әбікенов Ж.О, Альджанова Н.К. сияқты т.б галымдардың енбектерін терең зерттеп, олардың жемісті ойларын шығармашылық тұрғыда қорытып жаңа тұжырымдар жасау арқылы келген.

Жетінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Сыр өнірі дәстүрлі мәдениеті түркілік мәдениеттен бастау алатындықтан, өнірдегі сабактастық арқылы беріліп келе жаткан рухани-этникалық құндылықтарды Ә.Марғұлан, Т.Е. Картаева, Т. Болсынбек, А. Тойшанұлы енбектеріне сүйене отырып соны тұжырымдар жасау арқылы осындағы нәтижеге жеткен.

Сегізінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Мәдени құндылықтардың феноменологиялық қырларын этикалық және эстетикалық ой дүниесінің дамуы аясында семиотикалық талдау, қазіргі әлеуметтік болмыстағы мәдени құндылықтарының өзектендірілуі З.Н. Исмагамбетова, С.З. Нишанбаева сияқты отандық галымдардың енбектерін тиянақты түрде зерттеп, ұтымды пайдалану арқылы осындағы нәтижеге жеткен.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Туризм мен семиотиканың өзара іс-кимылның әдіснамалық механизмін әзірлеу туристік маркетингтік жұмыста өнірдің рәміздік бейнесін салуга әсер ететін факторлар туралы К.С. Ермаганбетова, С. Бейсембаева, Д. Жанабаева сияқты отандық галымдардың енбектерін тиянақты түрде зерттеп, ұтымды пайдалану арқылы осындағы нәтижеге жеткен.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады, себебі мәдени құндылықтарды теориялық негізде жүйелеген, әдістемелік сипаттта талдау үшін коптеген ғалымдардың енбектері пайдаланылған.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, ойткені мәдени құндылықтардағы семиотикалық жүйелер ұлттық сипаттарына тән кез-келген нақтылы формалармен қалыптасады.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Сыр өнірінің мәдени құндылықтар жүйесі дәстүрлі құндылықтарды нақтылық түрде жеткізеді. Шындықтың бейнеленуі, жазылуы, формалары әр түрлі болғанымен, олар қайталанбайды.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Қазіргі танда мәдени құндылықтарды семиотикалық жүйені қарастыру дегеніміз өнірдің мәдени саласындағы танымдықты арттыру болып табылады.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады Сыр өнірінің дәстүрлі қогамдағы мәдени мұрасын окшауланған, тұйық күйінде емес, бүкіл түркі өркениеті кешенінде, үздіксіз әлеуметтік мәдени даму процесінде, мәдени құндылықтар аясында зерттелгені дұрыс, сонда ғана өнірдің өзіндік ерекшелік сипаттамалық рәміздік белгілері ғылыми мағынада ашылады.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Сыр өніріндегі жастардың мәдени құндылықтарды бағалауда Сыр қогамы мәдени қогамды құруши субъектілерге мәдени қажеттілік тұрғысында мүдделі.

Жетінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Сыр өнірі халқының мәдениетінің рәміз-рәсімдік түсініктері арқылы мәдени кеңістігі ерекшеліктерімен танысуга болады. Олардың терен мағынасы мәдени кеңістік катынас ерекшелігіне байланысты қалыптасқан халықтың тұракты дуниетанымдық түсініктерін білдіреді.

Сегізінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Құндылықтарды сактан қалу басты жетістік болғанымен, Сыр өніріндегі мәдени құндылықтар объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-багдарын айқындан отырады. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші болады.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Туризм мен семиотиканың өзара іс-қимылдының әдіснамалық механизмін әзірлеу туристік маркетингтік жұмыста өнірдің рәміздік факторлар туралы үстірт түсінуден аулак болуға мүмкіндік береді. Бұл теориялық негізделген, практикалық тұрғыда салыстырмалы түрде сарапланған және толық қорытынды жасалған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Жалпы алғанда, жұмыс классикалық диссертация жазу талаптары сакталып, сауатты жазылған. Сыр өнірінің мәдени туризмін қалыптастыру үдерісіндегі басымдықтар мен кемшіліктерді анықтау барысында заманауи ғылыми кеңістікте және мәдени-идеологиялық қызметтегі іс-шаралар

сарапланған. Ж.О.Әбікеновтің диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады және отандық мәдениеттану ғылымы саласындағы мемлекетіміздің мәдени-тарихи рухани құндылыктарын қайтадан жаңғыртуға бағытталған реформаларына байланысты элективті курстарды әзірлеу кезінде қолдануға болады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы жоғары.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелері Сыр өнірінің мәдени-әлеуметтік кеңістігінде мәдени құндылыктарға семиотикалық талдау жүргізуіне байланысты маңызды теориялық мәнге ие.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері **15 ғылыми мақалада** дәлелденген. Соның ішінде, КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану пәндері бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған **арнайы журналдарда-5**; шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми **конференциялардың жинағында-9**; Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес **импакт-факторы бар журналда-1**.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертацияның мазмұнына орай берілетін басты кемшілік танымал шетелдік ғалымдардың енбектерін көбірек пайдаланбай, отандық ғалымдардың енбектеріне сілтеме беріп, олардың бағыттарын, тұжырымдамаларын жүйелеген дұрыс болар еді. Сонда бұл такырыпка жақындар еді, себебі бұл бағытты қамтыған отандық мәдениеттанушылардың енбектері жеткілікті.

Бүгінде ортағасырлық Сыр өнірі қалаларын археологиялық зерттеу ісіне Қоркыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің археологтары мен тарихшылары және «Сыр – Алаштың анасы» атты экспедиция араласып айтарлықтай үлес косып келеді. Солардың материалдарын пайдаланса құба-құп болар еді.

Берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талантарына сәйкестігі.

Диссидент Ж.О.Әбікеновтің қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жалпы зерттеулері, жүргізген әлеуметтік сауалнамасы сапалы, қызықты, ғылыми мағлұмат береді. Жалпы диссертациялық жұмыс бағытына сәйкес кешенді зерттеулер жүргізіліп, алынған нәтижелер мен қорытындылар барлық бөлімдердің мазмұнын ашады және жоғары сенімділік дәрежесімен сипатталады.


Ж.О.Әбікеновтің «Сыр өніріндегі мәдени құндылыктарға семиотикалық талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны КР

БФМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлының «6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы сәндік қолданбалы
өнер кафедрасының профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты.

 Ж.Т.Беристенов

